

С.А. Августхан¹, Е.М. Бимолданов², А.А. Ешназаров¹

¹Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы, Қосшы, Қазақстан

²Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы, Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДАМ САУДАСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақала Қазақстан Республикасындағы заңға қайшы, қоғамға қауіпті іс-әрекет адам саудасының кейбір проблемаларын талдау мақсатында орындалды. Қолданыста жүрген Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 128 бабында мазмұндалған адам саудасы қылмыстық құқық бұзушылығының объективті жағына мән беріліп, зерделенді.

Мемлекет басшысы Қ-Ж. Тоқаевтың Жолдауларында айтылған адам саудасына қатысты басым бағыттар, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Адам құқықтары саласындағы одан арғы шаралары туралы» Жарлығы негізге алынып, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің 2019-2023 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 128 бабы бойынша тіркелген ақпараты талданады.

Авторлар адам саудасымен байланысты заңнаманың ағымдағы жай-күйіне талдау жүргізіп қана қоймай, Қазақстан Республикасының қылмыстық-құқықтық заңнамасына адама саудасы мазмұнын жан-жақты, толығымен ашу мақсатында ұсынымдар ұсынады. Зерттеу қылмыстық-құқықтық аспектілерге және статистикалық деректерді талдауға негізделген, бұл Қазақстан Республикасындағы проблеманың ауқымы мен ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: адам саудасы; қанау; заңға қайшы; қоғамға қауіпті; азғырып-көндіру; жәбірленуші; күш қолдану; құл.

Некоторые проблемы торговли людьми в Республике Казахстан

Статья выполнена с целью анализа некоторых проблем торговли людьми Республике Казахстан. Изучено, обращено внимание на объективную сторону уголовного правонарушения торговли людьми, содержащуюся в статье 128 действующего уголовного кодекса Республики Казахстан.

Приоритетные направления, связанные с торговлей людьми, упомянутые в Посланиях Главы государства К-Ж. Токаева, основаны на Указе Президента Республики Казахстан «О дальнейших мерах Республики Казахстан в области прав человека», анализируется информация Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан, зарегистрированная по статье 128 Уголовного кодекса Республики Казахстан в период с 2019 по 2023 годы.

Авторы не только проводят анализ текущего состояния законодательства, связанного с торговлей людьми, но и представляют рекомендации в уголовно-правовое законодательство Республики Казахстан с целью всестороннего, полного раскрытия содержания торговли людьми. Исследование базируется на уголовно-правовых аспектах и анализе статистических данных, что позволяет глубже понять масштабы и особенности проблемы в Республике Казахстан.

Ключевые слова: торговля людьми; эксплуатация; противоправность; опасность для общества; вербовка; жертва; применение силы; раб.

Some problems of trafficking in persons in the Republic of Kazakhstan

The article was implemented to analyze some problems of human trafficking in the Republic of Kazakhstan. The objective side of the criminal offense of human trafficking contained in Article 128 of the current criminal code of the Republic of Kazakhstan has been studied and attention has been drawn to.

The priority areas related to human trafficking mentioned in the Messages of Head of State K.-J. Tokayev are based on the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan « On further measures of the Republic of Kazakhstan in the field of human rights», The information of the Committee on Legal Statistics and Special Records of the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, registered under Article 128 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan in the period from 2019 to 2023, is analyzed.

The authors not only analyze the current state of legislation related to human trafficking, but also submit recommendations to the criminal law legislation of the Republic of Kazakhstan in order to comprehensively, fully disclose the content of human trafficking. The study is based on criminal legal aspects and analysis of statistical data, which allows us to better understand the scale and features of the problem in the Republic of Kazakhstan.

Keywords: trafficking; exploitation; wrongfulness; danger to society; recruitment; victim; use of force; slave.

Кіріспе. Кез келген құқықтық қоғамда адам саудасына қарсы іс-қимыл, сол қоғамда өмір сүріп жатқан адам және азаматтардың әл-аухатын жақсарту құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету, барлық уақытта да басым бағыттардың бірі болып табылады. Біздің елімізде де адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталып, қорғалуына еліміздің Конституциясынан бастап, осы саладағы нормативтік құқықтық актілері кепілдік береді.

Адам құқықтары саласындағы халықаралық міндеттемелерді орындау, сондай-ақ адам саудасына қарсы іс-қимыл алдын алу және болдырмау, адам саудасы құрбандарына көмек көрсету бойынша жүргізілетін мемлекетаралық бағдарламалар мен заңнамаларды жетілдіру мен жаңадан қабылдау арқылы көптеген елдерде адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі жекелеген заңдарды қабылдау үрдісі бар.

Мысалы Әзербайжанда (2005 жылғы 28 маусым), Қырғызстанда (2005 жылғы 17 наурыз), Украинада (2011 жылғы 20 қыркүйек) және Өзбекстанда (2020 жылғы 17 тамыз) жеке заң қабылданды.

Әдістер мен материалдар. Мақаланы жазу барысында еліміздегі адам саудасына қарсы іс-қимыл бойынша Мемлекет басшысының Жолдаулары, нормативтік құқықтық актілер, қылмыстық заңнамалар пайдаланылады.

Сонымен қатар мақалада адам саудасына қатысты дереккөздер, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексіндегі адам саудасы бабы бойынша тіркелеген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы ақпараттар алынып, талдау жүргізілген.

Қолданыста жүргне қылмыстық заңнамадағы адам саудасы мамұнына зерделеніп, жетілдіру бойынша ұсыныстар мен қорытындылар шығаратын қылмыстық заңнама нормаларына салыстырмалы құқықтық зерттеу әдістері қолданылады. Жалпы ғылыми және танымның формалды-логикалық әдістері қолданылады.

Логикалық әдісті қолдану қылмыстық құқық бұзушылықтардың негізгі белгілерін анықтаған кезде қылмыстық заңнама нормаларына талдау жүргізуге, қылмыстық заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындауға мүмкіндік берді.


Нәтижелер, талқылау. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы 2-қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында «Жыныстық зорлық-зомбылық, педофилия, есірткі тарату, адам саудасы, әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық және жеке адамға, әсіресе балаларға қатысты басқа да ауыр қылмыстар үшін жазаны шұғыл түрде қатаңдату қажет», деп атап өтті [1]. Сондай-ақ, 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында: «Адам саудасына қарсы күрес мәселесі де күн тәртібінен түспейді. Бұл жағынан Қазақстанның халықаралық қауымдастық алдындағы жағдайы айтарлықтай емес. Құқық қорғау органдары мұндай қылмыстарды тергеу рәсімін жетілдіре түсуі керек. Осыған орай сот тәртібімен қатаң жаза қолданылуы қажет. Бұл маңызды міндет мемлекеттік органдардың үйлесімді іс-қимылын талап етеді. Парламенттегі заңдар тезірек қабылданады деп үміттенемін», деп атап өтті [2].

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Адам құқықтары саласындағы одан арғы шаралары туралы» 2021 жылғы 9 маусымдағы №597 Жарлығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі №871 Жарлығымен адам құқықтары және заңның үстемдігі саласында одан әрі шаралар жоспарын бекіту тапсырылды, оның ішінде адам саудасы құрбандарының құқықтарын қамтамасыз ету бойынша маңызды жұмыс бағыттары да көзделген [3].

Жарлықты іске асыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі №258 қаулысымен Адам құқықтары және заңның үстемдігі саласындағы одан арғы шаралар жоспары бекітілді, онда 24-тармақта Қазақстан Республикасында адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу де көзделген болатын [4].

Қазақстан Республикасының ҚК 128 бабының 1-бөлігінде құқық бұзушылықтың объективті жағының адамды сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасау, сол сияқты оны қанау не азғырып көндіру, тасымалдау, беру, жасыру, алу, сондай-ақ қанау мақсатында өзге де іс-әрекеттер жасау деген іс-әрекеттері көзделген [5].

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараты бойынша 2019-2023 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының ҚК 128 бабы бойынша тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтарды төмендегі диаграммада келтірдік. Байқағанымыздай 2020 жылы аталған қылмыс бойынша өсім болған.



Жәбірленушіні азғырып көндіру, тасымалдау, беру, жасыру, алу, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының ҚК 128 бабында көзделген өзге де іс-әрекеттерді жасау кезінде

Қазақстан Республикасы ПИМ М. Есболатов ат. Алматы академиясының ғылыми еңбектері, №2(79)2024 278

адамды қанау мақсаты міндетті белгі болып табылады. Ол туралы, «Адамды саудаға салғаны үшін жауапкершілік анықтайтын заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 7 Нормативтік қаулысында айтылған [6].

Адамды азғырып-көндіру, жәбірленушіні қандай да бір жұмыстарды немесе қандай да бір қызметті, соның ішінде, егер оны қанау мақсатымен байланысты болса құқыққа қайшы қызметті атқаруға келісуіне қол жеткізу түсініледі. Азғырып-көндіру тәсілдері әртүрлі: сыйақы жөнінде уәде беру, жұмыс ұсыну, алдау, азғыру, бопсалау, қорқыту, қоқан-лоқы көрсету және басқалар болуы мүмкін.

Адамды тасу, адамды қанау мақсатында бір жерден екінші жерге, соның ішінде бір елді мекеннің ішінде оның орнын ауыстыруға байланысты қасақана жасалатын іс-әрекетті білдіреді.

Жәбірленушіні беру түріндегі іс-әрекет, оны қанайтын адамға тікелей беруді түсінген жөн.

Адамды қанау мақсатымен жасыру, жәбірленушіні тасымалдау, беру, сатып алу-сату, басқа да мәмілелер жасасу үшін қолайлы сәт басталғанға дейін құқық қорғау органдарынан, туыстары мен басқа адамдардан жасыруды (мысалы, арнайы үй-жайларда жасыру, еркін жүруіне кедергі келтіру, дәрі-дәрмекпен физикалық немесе психикалық белсенділігін төмендетуді түсінген жөн.

Клиенттер іздестіруді, сатып алу-сату, айырбас шарттарын және басқа да мәмілелерді жасасу үшін сауда-саттық ұйымдастыруды, оның ішінде телекоммуникация желілерін және тағы сол сияқтыны пайдалана отырып ұйымдастыруды адамды қанау мақсатындағы өзге де іс-әрекеттер деп түсінген жөн.

Жоғарыда баяндалған Қазақстан Республикасының ҚК 128 бабында көзделген қылмыстың объективтік жағын көрсететін іс-әрекеттердің мазмұны «Адамды саудаға салғаны үшін жауапкершілік анықтайтын заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 7 Нормативтік қаулысында айтылған [6].

Сонымен қатар, Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын Адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу мен жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттаманы ратификациялау туралы Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 4 маусымдағы N 37-IV Заңында, ««адамдарды сату» пайдалану мақсатында адамдарды күш қолданамын деп қорқыту немесе оны қолдану немесе мәжбүрлеудің, ұрлаудың, алаяқтықтың, алдаудың, билігін асыра пайдаланудың немесе жағдайының осалдығын пайдаланудың басқа нысандары арқылы не басқа адамды бақылайтын адамның келісімін алу үшін төлемдер немесе пайда түрінде параға сатып алу арқылы жүзеге асырылатын арбауды, тасымалдауды, тапсыруды, жасыруды немесе адамдарды алуды білдіреді. Пайдалануға, кем дегенде, басқа адамдардың жезөкшелігін пайдалану немесе нәпсіқұмарлық пайдаланудың басқа нысандары, мәжбүрлі еңбек немесе қызметтер көрсету, құлдық немесе құлдыққа ұқсас әдет-ғұрыптар, бағынышты жағдай немесе органдарды кесіп алу кіреді», деп мазмұндалған [7].

Қорытынды. Қорытындылай келе, қолданыста Қазақстан Республикасының ҚК 128 бабындағы «адам саудасы» мазмұнын, Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын Адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу мен жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттаманы ратификациялау туралы Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 4 маусымдағы N 37-IV Заңына сәйкестендіріп, күш қолданамын деп қорқыту немесе оны қолдану немесе мәжбүрлеудің, ұрлаудың, алаяқтықтың, алдаудың, билігін асыра пайдаланудың немесе жағдайының осалдығын қанаудың басқа нысандары арқылы не басқа адамды бақылайтын адамның келісімін алу үшін төлемдер немесе пайда түрінде параға сатып алу арқылы жүзеге асырылатын арбауды, тасымалдауды, тапсыруды, жасыруды немесе адамдарды алу. Адам саудасының құрбандары

болған балаларға ерекше назар аудару керек «олардың мүдделері оларға қатысты барлық саясаттар мен рәсімдерде бірінші кезекте тұруы керек» [8, 274 б.]. Қанаудың нысандарына мәжбүрлі еңбек немесе қызметтер көрсету, құлдық немесе құлдыққа ұқсас әдет-ғұрыптар, бағынышты жағдай немесе органдарды кесіп алу кіреді деп толықтыру қажет деген ойдамыз.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі. Электрондық ресурс: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy.

2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Жана жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі. Электрондық ресурс: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek.

3. «Қазақстан Республикасының адам құқықтары саласындағы одан әрі шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 9 маусымдағы № 597 Жарлығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 871 Жарлығы. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен.

4. «Адам құқықтары және заңның үстемдігі саласындағы одан арғы шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 258 қаулысы. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен.

5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен.

6. «Адамды саудаға салғаны үшін жауапкершілік анықтайтын заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 7 Нормативтік қаулысы. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен.

7. «Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын Адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу мен жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 4 маусымдағы N 37-IV Заңы. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен.

8. Сейтаева Ж.С., Канатов А.К., Сапаралиева С.М. Предоставление периода размышления как новое средство в системе правовой защиты жертв торговли людьми в Республике Казахстан // Ученые труды Алматинской академии МВД Республики Казахстан имени М. Есболатова. – 2023. – №4 (77). – С.269-276.

Авторлар туралы мәліметтер

Августхан С.А. – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының арнайы заң пәндері кафедрасының доценті, (Phd) докторы.

Бимолданов Е.М. – Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы бастығының орынбасары, заң ғылымдарының кандидаты, қаумдастырылған профессор (доцент).

Ешназаров А.А. – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының арнайы заң пәндері кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының кандидаты.

Августхан С.А. – доцент кафедры специальных юридических дисциплин Института послевузовского образования Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, доктор (PhD)

Бимолданов Е.М. – заместитель начальника Алматинской академии имени М. Есболатова МВД Республики Казахстан, кандидат юридических наук, ассоциированный профессор (доцент).

Ешназаров А.А. - заведующий кафедрой специальных юридических дисциплин Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, кандидат юридических наук.

Avgustkhan S.A. – Associate Professor of the Department of Special Legal Disciplines of the Institute of Postgraduate Education of the Academy of Law Enforcement Agencies at the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, Doctor (PhD)

Bimoldanov Ye.M. – Deputy Head of the Almaty Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after M. Esbulatov, Candidate of Legal Sciences, Associate Professor

Eshnazarov A.A. - Head of the Department of Special Legal Disciplines of the Academy of Law Enforcement Agencies of the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, Candidate of Legal Sciences.